

НАУРЫЗ

Халықаралық әйелдер күнімен!

Құрметті
Тулепова Баглан Болатбековна!

Сізді көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел-ана – тіршіліктің тұтқасы, отбасының ұйытқысы, ұрпақ тәрбиесінің бағбаны, береке-бірліктің бастауы.

Талай ақынның жыр жолдарына, сазгердің ән әуезіне арқау болып, қылқалам шеберлерінің шабытына шабыт қосып, шығармашылық тұрғыда шарықтауына себепші жан әйел заты екені даусыз.

Халқымыз ықылым заманнан нәзік жандыларды ардақтап, тазалық пен тыныштықтың, мейірім мен ізгіліктің белгісіне балаған.

Көктемнің осынау шырайлы мерекесі қызметіңізге табыс, жануяңызға жақсылық әкелсін. Көз жанарыңыз қуанышты сәттердің ғана күәгері болсын! Көңілдің төрінен, өмірдің өрінен көрініп, баянды ғұмыр кешуіңізге тілектеспін.

Ізгі тілекпен,
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
Ғани Бейсембаев